

Алматы қаласы шекарасын өзгерту туралы

Күшін жойған

II-сайланған қалалық мәслихатының VIII-сессиясы мен Алматы қаласы әкімінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1196 бірлескен шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 29 желтоқсанда N 254 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 56 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012.09.14 № 56 шешімімен (01.01.2013 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақты құру туралы", "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңдарына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Жер туралы" Жарлығының 12 бабына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық мәслихаты және Алматы қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. N 1 қосымшаға сәйкес, аумағы 158,4 га жер Алматы қаласы шегіне енгізілсін, соның ішінде 75,4 га гольф-клубы құрылысы және 83 га дендрологиялық бақ ұйымдастыру үшін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінен Алматы қаласы шекарасын өзгертуді бекіту сұралсын.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VIII-сессиясының
төрағасы М. Қошқаров
Алматы қаласының әкімі В. Храпунов
II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы Ж. Төрегелдинов*

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VIII-сессиясы мен
Алматы қаласы әкімінің
2000 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1196 шешіміне қосымша

**Алматы қаласы әкімшілік шекарасына берілетін жерлердің
жер пайдаланушылары және алқаптарының
ТҮСІНДІРМЕСІ**

№ п/п	Жер пайдаланушылар	Барлығы (га)	егістік	оның ішінде суармалы	көп жылды кекпе ағаштар	жайылымдар	жолдар	орманды белдеулер	баска жерлер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Барлығы оның ішінде	158,4	71,5	37,8	51,1	6,3	5,4	5,0	19,1
1.	ГЭС-1 "Космо станция" автомобиль жолы	8,0	-	-	-	-	3,2	4,8	-
2.	"Тема Реал Эстейт Компани" ЖШС	10,0	3,0	3,0	5,1	1,4	0,2	-	0,3
3.	"Бис" ЖШС	7,9	7,9	-					
4.	"Ката" ЖШС	2,0	2,0						
5.	"Жұлдыз" ЖШС	7,5	7,5						
6.	"Алтынтараз" ЖШС	4,5	-		1,8				2,7
7.	"Ардақ" ЖШС	2,0	2,0						
8.	"Мирас" МТҚ	14,0	8,0		6,0				-
9.	Қордағы жер	102,5	41,1	34,8	38,2	4,9	2,0	0,2	16,1

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VIII-сессиясының
төрағасы М. Қошқаров*

Алматы қаласының Әкімі В. Храпунов

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы Ж. Төрегелдинов*